

ҒЫЛЫМ. БІЛІМ. ТӘРБИЕ

«Балам» деген ел болмаса, «Елім» деген бала қайдан шығады?

А. Байтұрсынов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады.

Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болды.

Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте өзінің халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын.

2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V-ші отырысында Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы өзгерістерге қатысты өз көзқарасын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, сондай-ақ, парламенттік реформа аясында бастапқыда Ата Заңның шамамен 40 бабына өзгерістер енгізу көзделгенін атап өтті. Алайда жұмыс барысында өзгерістер көлемі әлдеқайда ауқымды болатыны айқындалып, олар саяси және қоғамдық өмірдің көптеген өзге де қырларын қамтитыны белгілі болды.

2026 жылғы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдерін қоса алғанда 130 адам кірді. Осылайша, Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен аймақтары толық қамтылды.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері республиканың Ата Заңының барлық негізгі түзетулерін жан-жақты қарап шықты. Бұл түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтіннің 84%-ын қамтыды. Осылайша, Комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартты.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Конституция жобасының негізгі жаңалықтарының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

* 145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттіктерге ие бір палаталы жаңа Парламент - Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

* Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы - Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады.

* Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

Жалпы, Конституцияның жаңа редакциясының алғашқы жобасында Преамбула, 11 бөлім және 95 бап бекітілу ұсынылады.

Ұсыныстар қабылдау е-Отinish және eGov порталдары арқылы жалғасып жатыр. Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайды.

Конституциялық комиссияның жұмысы жалғасуда.

А Н О Н С ГАЗЕТТІҢ ОСЫ САНЫНДА:

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ
ЖОБАСЫ
ЖАРИЯЛАНДЫ



Ұлықбек ағамыз – жетпісте!



Международный конкурс
«Безопасный труд в моей будущей профессии»
(специальности)

РОССИЙСКИЕ КОЛЛЕГИ

▼ ПРИГЛАШАЮТ ▲

ДИЗАЙН И МОДА:



Образование, формирующее стиль будущего

70 ЖАС

ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ҰСТАЗ

ӨМІРІН ЖАСТАРҒА АРНАҒАН



(ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР еңбек сіңірген кәсіподақ қызметкері
Мажитов Ұлықбек Халматұлына мерейлі 70-жас)

Музыка адам жанын тебіrentетін, ерекше күй кештіретін, көңіл-күй сыйлайтын өзге әлем. Ол тап бір жәннат секілді. Өте әдемі әрі әуезді. Ол әлемге барғанда сен мол бақытқа кенелесің, өмірді басқалай сезінесің, дүниені басқа қырынан танысың. Бұл оқиғадан сен ерекше әсер аласың. Әдетте музыканы көңілдің кілті деп атайды. Себебі, музыка тыңдаған адамның көңілі лезде көтеріліп, өзін сабырға шақыра бастайды. Музыканың ерекшелігі сондай, ол кез-келген адамның жан-дүниесін, ішкі сұлулығын, жүрегін сезінуге көмектеседі. Ол арқылы біз адамның жүрегіндегі жылулықты, мейірімділікті сезіне аламыз. Музыка- осы әлемдегі ең құдіретті, қасиетті ұғым. Біз оны құдіреттеу арқылы бойымызға жақсы қасиеттерді сіңіре аламыз. Біз музыканы орындаушы арқылы сезінеміз. Орындаушының шеберлігі оның табиғилығы арқылы музыка әуезде беріледі. Солай ол тыңдаушылардың жүрегіне жол табады. Музыка мен үшін бағасы зор нәрсе. Негізінен, музыка сабырлықты, көп еңбекті қажет ететін ғылым. Ол жолда бірден жетістікке жету мүмкін емес. Музыка – құпияға толы ғылым. Музыканың ашылмаған сырлары өте көп. Қайдан бастау алып, қалай дамып, қалай өркендеп, қалай аяқталатынын да ешкім білмейді. Алайда, ән өнері еліміздің сарқылмас қазынасы. Оны сезіне білу әр адамның өз қасиеттеріне байланысты. Оның қиын да, қызық оқиғаларын, әсерлі де, сабырлы сәттерін, бәрін, бәрін сезіну сенің бойыңдағы асыл қасиеттерге байланысты. Ал жақсы қасиеттер сенің жүрегіңнен шығады. Әрбір адам музыканы әрқалай сезінеді. Біреуі ақылымен сезінсе, енді біреуі оны жанымен сезінеді. Бірақ, ең бастысы музыка жүректен шығып, жүрекке жетуі керек. Себебі, музыкасыз өмірдің мәні жоқ. «О, Муза, Муза» деп жырлаған Мұқағали да музыканың киелілігін білген. Ол әнші болмаса да ақын болып музыкаға өз өнерін қосты. Музыка әр адамға талант, шабыт сыйлайды. Ұстаздың ең мықты қаруы ол – өнері. Білім саласының жілігін шағып, майын ішкен білікті мамандар қашан да ел жадында сақталады. Өскелең ұрпақтың қанатын қомдап, бұлақты көріп көзін ашқан ұлағатты ұстаздардың бірі – ҚР мәдениет қайраткері Мажитов Улугбек Халматович. Ол 70 жыл ғұмырында табан аудармай білім саласында қызмет етіп, музыка өнерінің дамуына зор үлесін қосты. Табанды еңбегінің арқасында шәкірттерін шынға шығарды.

Ұлықбек Халматұлы 1956 жылы 6 ақпанда Шымкент қаласында дәрігерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі – Мажитов Халмат Абдурахманұлы Ташкент медициналық институтын бітіріп, 40 жыл бойы бугун ауданының учаскелік ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істеді. Анасы-Мажитова Гүлфарида Бердиевна Шымкент медициналық училищесін бітіріп, Шымкенттегі фосфор зауытының профилакториясында медбике болып жұмыс істеген. 1967-1972 жылдары Ұлықбек Ж. Омарова атындағы № 1 балалар музыкалық мектебінде "Баян" сыныбы бойынша оқиды. 1973-1977 жылдары Шымкент музыкалық училищесінде "Хор дирижерлығы" сыныбы бойынша музыкалық білімін жалғастырды. 1982 жылы Құрманғазы атындағы Алматы Ұлттық консерваториясын тәмамдайды. 1982 жылы консерваторияны бітіргеннен кейін Шымкент музыкалық училищесінде "Хор дирижерлығы" бөлімінде мұғалімдік еңбек жолын бірден бастайды. 1994 жылдан 2004 жылға дейін музыкалық колледждің кәсіподақ комитетін басқарады. Облыс кәсіподақ мүшелерінің

еңбек, әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы жақсы жұмысы үшін, "ҚР Еңбек сіңірген кәсіподақ қызметкері" белгісімен марапатталады. 2000 жылдан 2004 жылға дейін "Хор дирижерлау" бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. 2004 жылдан 2020 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан музыкалық колледжінің директоры қызметін атқарды. Осы жылдары Ұлықбек Халматович көптеген жетістіктерге қол жетізді. «Домбырамен ән айту» сияқты жаңа мамадықтарын ашты. Өзі басқарып отырған ұжымдарын Халықаралық және Республикалық конкурстарға қатысуына үлкен ықпалын жасаған өнегелі басшы. Ұлықбек Халматұлының директорлығы кезеңінде, соңғы онжылдықта колледждің материалдық-техникалық базасын жақсарту басталып, барлық ғимараттарда күрделі жөндеулер жүргізіліп, музыкалық аспаптарды көптен күткен жаңарту басталғанын ерекше атап өткім келеді. 300 орындық концерттік зал салу бұл колледждің дамуындағы басты жетістік және орасан зор үлкен үлес болды. Бұл сенатор Дариға Назарбаевамен кездесудің арқасында жүзеге асты, онда Дариға Нұрсұлтанқызымен әңгімелесу барысында Мажитов колледждің музыкалық өнер жұлдыздарын кездестіруге үлкен концерт зал өте қажет екені туралы ескертіп айтып өтті. Сол арман көп ұзамай орындалды! 2015 жылы концерт залының ашылуына колледждің бірінші директоры Ажиева Санен Самигуловна, музыкалық колледждің бірінші түлегі Лаки Кесоглу қатысты, сахнада колледждің жұлдызды түлектері - ҚР Халық әртісі Нұржамал Үсенбаева, Владимир Ступин және басқалар өнер көрсетті. Ұлықбек Халматұлы өзінің кадрлық саясатын мақсатты түрде насихаттап, өз колледжінің үздік жас мамандарын - түлектерін жұмысқа шақырды. Осылайша, 2020 жылға қарай педагогикалық ұжым шамамен 70% - ға жасарды. Ұлықбек Халматұлының қасында жұбайы әрі әріптесі білім, мәдениет және Алтынсарин құрмет медаль иегері Мажитова Наталья Васильевна болды. Ол танымал вокал дәрісін беруші аға ұстаз болатын. Оның тәрбиелеген шәкірттері Владимир Ступин, Бауыржан Исаев бүгінде ел алдында өз өнерлерін көрсетіп жүрген бірден бір жұлдызды әншілер. Ұлықбек Халматұлы үнемі қалалық және облыстық, аудандық балалар үйінде, қарттар үйінде, мүгедектер үйінде, ардагерлер үйінде мәдени концерттік-мерекелік іс-шараларды ұйымдастырып көпшіліктің алғысына бөленген өнегелі ұстаз. Колледждің 50, 55 және 60 жылдық мерейтойларын-музыкалық өнер жұлдыздары – колледж түлектерінің қатысуымен есеп беру концерттерін жоғары деңгейде өткізді. Жыл сайын ҚР Президентінің, Парламент пен Мәжілістің, мәслихатының сайлау науқанына белсенді жұмыс жасағаны үшін №41 сайлау учаскесінің төрағасы ретінде, облыс және қала әкімдерінің алғыс хаттарымен және Жас орындаушылардың VI республикалық конкурсын өткізудің жоғары деңгейі білім вице-министрі Қ. Шамсутдинованың алғыс хатымен, "Менің Қазақстаным" халықаралық фестиваліне, ҚР БҒМ ІІІ- спартакиадасына қатысқан Ұлықбек Халматұлы Мажитов Б. Әйтімованың Алғыс хаттарымен марапатталған.

Ұлықбек Халматұлы сіздің 70-жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – сіздің өміріңіздегі шын мәнінде ерекше және мерейлі оқиға, жеті онжылдықтың бай тәжірибесі мен даналығының көрінісі.

Жалғасы келесі бетте

Ұстаз болу, яғни жақсы оқытушы болу үшін, оқытатыныңды да сүюің керек. В.О. Ключевский

МЕРЕЙТОЙ



ӨМІРІ ӨНЕГЕЛІ ҰСТАЗ



(ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, ҚР еңбек сіңірген кәсіподақ қызметкері
Мажитов Ұлықбек Халматұлына мерейлі 70-жас)

70-жас – бұл тек сан емес, бұл сіздің өмір жолыңыздағы еңбектеріңіздің, жетістіктеріңіздің және өткен өмірдің мол тәжірибесінің белгісі. Сіздің өміріңіз – бұл көптеген оқиғалар мен сәттердің жиынтығы, әрқайсысы сізді бүгінгі деңгейге жеткізді. Сіздің кәсіби жетістіктеріңіз, отбасылық құндылықтарыңыз және қоғамдағы үлесіңіз біз үшін үлгі болып табылады. Сіздің өміріңіздегі әрбір кезең, сіздің өсуіңіз бен жетілуіңіздің куәсі болып табылады. Сіздің 70-жасқа толуыңыз – бұл тек бір жас емес, бұл – сіздің бай тәжірибеңіз бен даналығыңызды атап өту. Бұл жас сізге өзіңіздің біліміңіз бен тәжірибеңізді одан әрі жетілдірудің, жаңа мүмкіндіктерді зерттеудің және өмірден ләззат алудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.

*Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі-* дегіміз келеді.



Дайындаған: «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы Университет» АҚ
«Мәдениет және спорт» факультеті, «Өнер және көркем еңбек» кафедрасының магистр,
аға оқытушысы **Байгунова Динара Мадихановна**



Мұғалім – зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті. К.Д. Ушинский

Чирчикский государственный педагогический университет

ОБРАЗОВАНИЕ, ФОРМИРУЮЩЕЕ СТИЛЬ БУДУЩЕГО



Учитель не просто передаёт знания, он помогает ребёнку выстроить внутреннюю опору. Иногда одно вовремя сказанное слово поддержки влияет на судьбу сильнее, чем десятки формальных оценок. В этом и заключается педагогическая мудрость, которую невозможно заменить ни техникой, ни алгоритмом.

Важно и то, чтобы разговор о будущем образования не сводился только к технологиям. Компьютеры, интерактивные доски, онлайн-ресурсы — полезные инструменты, но они работают лишь тогда, когда в центре остаётся человек. Настоящий прогресс в педагогике начинается там, где технология усиливает живое общение, а не вытесняет его. Ребёнку по-прежнему нужен взрослый, который видит его способности, замечает трудности и помогает двигаться вперёд шаг за шагом.

Для городских сообществ это особенно актуально. В каждом районе есть школы, где формируется интеллектуальный и нравственный потенциал будущих врачей, инженеров, предпринимателей, учёных, артистов и учителей. Поддержка образования — это не абстрактная государственная задача, а дело всей общественной среды: семьи, махалли, культурных учреждений, местного бизнеса, средств массовой информации. Когда вокруг ребёнка создаётся атмосфера уважения к знаниям и труду, результаты становятся заметны очень быстро.

Будущее любой страны начинается не с заводов и дорог, а с класса, где ребёнок впервые учится задавать вопросы, слушать другого и верить в собственные силы. Поэтому разговор об образовании — это всегда разговор о завтрашнем дне.

Сегодня педагогика меняется быстрее, чем когда-либо. Раньше учитель был главным источником знаний, теперь он становится проводником в мире информации. Его задача — не только объяснить тему, но и научить мыслить, сравнивать, сомневаться, делать выводы. Именно такие навыки помогают детям уверенно жить в мире технологий, больших скоростей и постоянных перемен.

Для Узбекистана это особенно важно.

Страна молодая, энергичная, устремлённая к развитию. Значит, школе и педагогическому сообществу принадлежит ключевая роль: воспитать поколение, которое сохранит национальные ценности и при этом будет открыто к современным знаниям, науке, языкам, цифровой культуре. В этом смысле хороший учитель — не просто профессия, а стратегический ресурс общества.

Будущее образования невозможно без уважения к личности ребёнка. Там, где есть доверие, диалог, творческая среда и поддержка, рождается настоящий интерес к учёбе. А интерес — сильнее любой формальной дисциплины.

Педагогика будущего — это сочетание традиций и инноваций, требовательности и человечности. Чем раньше мы это поймём, тем прочнее будет фундамент завтрашнего дня. Потому что инвестиции в образование возвращаются не только дипломами, но и культурой мышления, ответственностью и зрелостью целого общества.

Если смотреть шире, образование сегодня выполняет не только учебную, но и общественную миссию. Школа, колледж, вуз формируют не просто знания по предметам, а культуру совместной жизни. Именно здесь ребёнок учится уважать правила, понимать ответственность за слово, работать в команде, принимать различие мнений. В будущем эти качества становятся основой гражданской зрелости, деловой этики и социальной устойчивости. Поэтому качество педагогики напрямую связано с качеством городской среды, экономики и даже общественного доверия.

Отдельного внимания заслуживает фигура учителя в условиях перемен. Современный педагог работает в непростом ритме: новые программы, цифровые платформы, растущие ожидания родителей, необходимость постоянного профессионального обновления. Но именно в этой сложности раскрывается истинная ценность профессии.




Будущее не приходит само по себе — его воспитывают. И чем внимательнее мы относимся к школе и к учителю сегодня, тем увереннее будет завтрашний день. Образование остаётся самой мирной и самой сильной силой развития: оно меняет человека, а через человека — город, страну и время.

Юлдашева Тохта Аметовна
Чирчикский государственный педагогический
университет



CHDPU
CHIRCHIQ DAVLAT
PEDAGOGIKA UNIVERSITETI



КЕРЕКТІ АҚПАР

Қазақстанда ақпаннан бастап не өзгереді?

Қыстың соңғы айында қасиетті Рамазан айы басталады. Мұсылман қауымы бір ай бойы ораза ұстайды. Ал балалардың есепшотына ұлттық қордан ақша түседі. Бұдан бөлек, біржолғы зейнетақы төлемдері есебінен ипотеканы өтеу тәртібі өзгереді. Әртістер фонограмма пайдаланудың жаңа тәртібін сақтауға міндеттелді. Редакция ұжымы ақпан айында болатын негізгі өзгерістерді ұсынады.

Мектеп пен балабақшаларда тексеріс басталады

Осы айдан бастап мектептер, балабақшалар, лагерьлер және басқа да ұйымдар бойынша бақылаудың жаңа тәртібі енгізіледі. Атап айтқанда, жоспарлы тексеріс жоғары, орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіне жатқызу нәтижелері бойынша тағайындалса, жоспардан тыс тексеру мемлекеттік бақылау субъектісіне хабарланбастан жүргізіледі.

Оған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негіз бола алады. Содан кейін заңнама талаптарын бұзудың нақты фактілері анықталған жағдайда жоспардан тыс тексеріс жіберіледі.

Әскери кафедраға өтініштер онлайн беріледі

1 ақпан мен 30 қыркүйек аралығында күндізгі бөлімде оқитын бакалавриат студенттері әскери кафедраға өтінішті eGov.kz порталы арқылы онлайн форматта жібере алады. Бұрын студенттер құжаттарды тікелей жоғары оқу орындарында қағаз түрінде тапсыратын. Әскери кафедрада запастағы лейтенант немесе запастағы кіші сержант шендерін алуға болады.

Ипотеканы өтеу тәртібі қалай өзгереді?

Отбасы банкі 2 наурызға дейін зейнетақы жинақтарының есебінен ипотеканы өтеуге өтінімдерді қабылдауды тоқтатты. Мамандар мобильді қосымшаны және otbasybank.kz сайтындағы жеке кабинетті жаңа талаптар бойынша өзгертеді. Бұдан былай зейнетақы қорынан аударылған ақшаға ипотеканың негізгі қарызын ғана жабуға болады. Ал пайыздар мен айыппұлдар қарыз алушының өз қаражаты есебінен төленеді. Жаңа талапқа сәйкес, проценттердің ақысы ағымдағы есепшоттан, ал негізгі қарыз арнайы шоттан алынады. Сондықтан ақшаны алдын ала салып қойған жөн.

Фонограммаға қатысты талаптар күшіне енеді

Бұған дейін президент концерт кезінде фонограмма пайдалануға тыйым салатын заңға қол қойған болатын. Бұл құжат 60 күннен кейін, яғни, 4 ақпанда күшіне енді.

Заң талаптарына сәйкес, концерт өткізуге арнайы бейімделмеген жерде фонограмма пайдалануға рұқсат беріледі. Ал техникалық тұрғыда толығымен жабдықталған залда фонограммамен ән айтуға тыйым салынады.

Фонограмма пайдаланғаны үшін айыппұлдың көлемі 4 млн теңгеге дейін артып отыр.



Қазақстан азаматтығын алатындарға емтихан болады

Ақпанда Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға үміткерлерге арналған емтиханға өтініш қабылдау басталады. Өтініштер 3-10 ақпан аралығында Ұлттық тестілеу орталығының сайтында немесе УТО мобильді қосымшасы арқылы қабылданады.

Емтихан 11 ақпанда өтеді және үш бөлімнен тұрады:

Қазақ тілі - 30 сұрақ, өту балы - 15;

ҚР-сының Конституциясының негіздері - 40 сұрақ, өту балы - 20;

Қазақстан тарихы - 30 сұрақ, өту балы - 15.

Азаматтық алуды көздеген әрбір үміткер осы талаптарға сай дайын болуға тиіс.

Оқушылардың каникулы басталады

Үшінші тоқсан тек 1-сынып оқушыларына ғана қосымша каникул беріледі. Олар 9-15 ақпан күндері оқымайды. Ал көктемде 19-29 наурыз күндері барлығына бірдей каникул болады. 25 мамырда оқу жылы аяқталады.



«Ғылым. Білім. Тәрбие»

республикалық ақпараттық ғылыми-педагогикалық газет.
2024 жылғы 31 мамырдан шыға бастады

Меншік иесі:

«QAZAQ-BILIM CENTER»
рекрутинг компаниясы» ЖШС



Бас редактор:
Н.С.Жармаханбетов

Есепке қою туралы
мәлімет QR-код арқылы:



@nuraly1005
Telegram +7 705 816 13 56

ТАРАЛЫМЫ:
кемінде тоқсанына 1 рет
Формат А3.

Барлық фотосуреттер ашық
интернет жүйесінен алынған.

Авторлардың мақала
мазмұнына редакция
жауапты емес.